

*Бекітемін:
«Күншуақ» жеке меншік
бөбекжай- балабақшасы»
мекемесінің әдіскері
А.Ә.Жақсылықова*

" Республикама-мақтанышым!"

(МАТ «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілігі)



Тәрбиеші: Орысбаева А

Таушық ауылы, 13.12. 2024 жыл.

«Республикам – мақтанышым!»

Мақсаты: балаларды Отанымызды сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге баулу, туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту, елін, жерін, тілін, тарихын құрметтейтін жаны таза, адамгершілігі мол азаматты қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру.

Жүргізуші: Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,
Таулы орман, жасыл жайлау, көлім менің.
Бүгінде бар әлемге даңқың жетті,
Тәуелсіз Қазақстан елім менің!

Сәлеметсіздер ме балалар, ұстаздар! Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болдық. Бүлдіршіндеріміз тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатыр. Бүгінгі 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Республикам-мақтанышым!» атты мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Қазақстан Республикасының гимні орындалсын : Әнұран.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар!

- Балалар біздің Отанымыз қалай аталады?
- Қазақстан Республикасы.
- Қазақстан қандай мемлекет?
- Қазақстан Тәуелсіз елді мемлекет.
- Ұлтымыз кім?
- Қазақ.
- Қазақстан Республикасының президенті кім?
- Қасым Жомарт Тоқаев.
- Еліміздің елордасы қай қала?
- Астана қаласы.
- Балалар біз қандай ауылда тұрамыз?
- Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылында тұрамыз.

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Міне біз бүгін Тәуелсіздік алған күнімізді мерекелеудеміз. Біздің ел тәуелсіз ел болғандықтан өз мемлекеттік туы, елтаңбасы, әнұраны бар. Қазіргі кезде сендер ашық бейбіт аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырсыңдар! Кең байтақ Отанымызға арнаған өлең шумақтарымызды қабыл алыңыздар!

Тақпақтар: Аянат, Жұлдызай, А, Әлинұр, Шапағат, Гауһартас, Айжұлдыз, Нұрдос, Хафиз.

Аянат

Тәуелсіздік тақдары,
Жарқырайды шамдары.
Қазақстаным, Отаным!
Бақытты елдің балдары.

Бейбітшілік бесігі,
Қазақстан есімі.
Тәуелсіздік күніне,
Арнаймыз біз әнімізді.

А, Әлинұр.

Көңілді біз баламыз,
Отанымды сүйеміз.
Тәуелсіздік күніне,
Шаттықпенен келеміз

Шапағат.

Көк аспанда күн күлер,
Жерімізге нұр төгер.
Тәуелсіздік күнімен,
Бақыт гүлі жайнагер.

Жұлдызай

Айжұлдыз.

Бақытты балалық,
Елімізде жарастық.
Тәуелсіздік күнімен
Шаттық толы жаңалық.

Хафиз

Гүлдей жайнап өсеміз,
Болшаққа беттейміз.
Тәуелсіздік күніне,
Арманменен жетеміз.

Гауһартас

Шаттық толы жүрегім,
Отанымды білемін.
Тәуелсіздік күнімен,
Қуанышқа бөленемін.

Нұрдос

Елім менің егемен,
Бақытты өмір сүрем мен.
Тәуелсіздік күнімен,
Қуанышқа бөленем.

Жүргізуші: Отан оттанда ыстық дегендей , Отан үшін жанын берген аға- әпкелерімізге арнаған «Алтын сақа» тобы қыздарының «Алға Қазақстан» биін қабыл алыңыздар!

Би: «Алға Қазақстан, жаса Қазақстан!» биі.

Орындайтындар: Райана, Асма, Жұлдызай, Аянат, Кәусар, Айзере, Гауһартас, Айжұлдыз, Асылтас.

Жүргізуші: - Рәміздерімізге нелер жатады?
- Туымыздың түсі қандай?
- Туымызда не бейнеленген?

Енді сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.Шешіп көремізбе?

Жұмбақ:

Еліміздің бұл бағы,
Оны ақындар жырлады.
Күш береді біздерге,
Биікте оның тұрғаны .
(ТУ)

Елемейді ол күнді,
Елемейді ол түнді.
Өзен емес, көл емес,
Желді күні толқынды.
(ТУ)

Жүргізуші: Рәміздерім елдігімнің белгісі,
Білу керек баладағы ең кіші.
Әнұран, Ту, Елтаңба
Рәміздерді жатқа білсін әр кісі.

Ендеше Тәуелсіз елдігімізді білдіретін өз мемлекеттік туымызға , елтаңбамызға , әнұранымызға арнаған өлең-шумақтарымызды қабыл алыңыздар!

Тақпақтар:Досхан, Кәусар, Айзере, Асма,

Жылдарыңыз жайдары.

Кәусар:

Көк байрақтың бетінде,
Қыран бүркіт қанаты,
Сол қырандай еркіндеп
Бала өседі талапты.

Досхан

Елтаңбасы елімнің,
Неткен әйбат әдемі
Тұнығындай көңілдің,
Ортада аспан әлемі.
Құт, береке шаңырақ
Орын алған ол төрден,
Қанатты қос арғымақ
Екі жақтан көмкерген.

Асма

Көк аспан көгілдір,
Қазақстан байрағы.
Тұрса күндей төгіп нұр

Жүргізуші: Қазақстан – атамекен , құт қонған жер,

Кең дала , суы мөлдір, нұр тұнған жер.
Көкорай белестері мақпал кілем
Қырлары қызғалдағы құлпырған жер.

«Асығым –алшысынан түспі» демекші ортада «Асық» биін қабыл алыңыздар! Орындайды:
С.Әлинұр, Жарас, Нұралы, А, Әлинұр, Хафиз, Алихан.

Жүргізуші: - 16 желтоқсан қандай мереке балалар?

- «Тәуелсіздік» мерекесі.
- Осы Тәуелсіздігімізді алып берген батыр да батыл аға –апаларымызды білемізбе?
- Қайрат Рысқұлбеков, Ербол сыпатаев, Сабира Мұхамеджанова ,Ләззат Асанова.
- Жарайсындар , керемет, Тәуелсіздігімізді үлкен ерлікпен алып берген аға-апаларымызды ешқашан ұмытпайық. Олар Отан үшін ,сендердің болашақтарың үшін үлкен ерлікпен қаза тапты.

Жүргізуші: Жасасын азат ерлік күн,
Жасасын бейбіт елмен жер.
Бостандық алған қазақтың
Мәртебесін көрсін ел!

Ортада әнші қыздарымыз Аршат, Ақбөбек, Райана, Ханшайымның орындауында
«Қазақстан егемен ел» әнін қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: Отаным Қазақстан –алтын бесік,
Мінекей ұлы жолға түсті келіп.
Ағайын, бар тілерім мен еліме
Тұғырың мықты болсын Тәуелсіздік.

Ортада Нұрхан, С. Әлинұр, Райана, Асылтас, Жарас, Алихан , Нұралы бүлдіршіндерді жыр-шумақтарымен қарсы алыңыздар!

Нұрхан

Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі,
Мықты болсын елімнің керегесі.
Тату тәтті боп халқымыз әрқашан
Кетпесін туған жердің берекесі.

С.Әлинұр

Отанымның орманы,
Көк шалғынды даласы.
Тәуелсіздік күніне
Арналады әніміз.

Райана

Тәуелсіздік – бабам берген аманат,
Тәуелсіздік келешектің кепілі.
Тәуелсіздік жүрмін сені бағалап,
Тәуелсіздік өткен күннің өтілі.

Алихан

Тәуелсіздік елімде,
Бақыт құсы самғап ұшты көгімде
Қазақ деген ғажап халық қашаннан,
Көк бөрінің ұрпағымыз тегінде.

Жүргізуші: Жарайсындар, балалар! Отанымыз , туған жеріміз туралы мақал-мәтелдерді жалғастырайық балалар.

Отан -

Нұралы

Атамекен –туған жер,
Бізге бақыт сыйлаған.
Тәуелсіздік күнімен,
Жүрегіміз қуанған.

Асылтас

Достар бірге жиналды,
Мерекені тойлады.
Тәуелсіздік күніне,
Ән мен биді сыйлады.

Жарас

Отанымды сүйемін,
Жүрегіме түйемін.
Тәуелсіздік күніне,
Жыр жолдарын арнаймын.

Отан үшін отқа түс.....

Туған жердей

Туған жерге ... туынды тік.

Жүргізуші: Керемет! Тамаша! Бәрекедді!

-Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік , халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды борлсын! Осымен бүгінгі «Республикам-мақтаньшым» атты мерекелік ертеңгілігімізді «Тәуелсіздік ел ұраны» әнімен аяқтаймыз! Келгендеріңізге көп рахмет! Қош, сау болыңыздар!

